

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТОПЫРАҒЫ



# ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

- Қазақстанның топырақ жамылғысы күрделі және әр түрлі. Топырақ жамылғысының зоналар бойынша таралғаны айқын байқалады. Қазақстанның жазық бөлігі аумағының 86%-ын алып жатыр. Негізінен үш топырақ зоналарына бөлінеді: қара топырақты зона ( $52^{\circ}$  с.е. солтүстігінде); қара қоңыр топырақты зона ( $52^{\circ}$ - $48^{\circ}$  с.е. аралығында); қоңыр, сұр қоңыр топырақты зона ( $48^{\circ}$  с.е. оңтүстігінде).



# ҚАРА ТОПЫРАҚТЫ ЗОНА

*Қара топырақты зона* республиканың солтүстігінде тараған. Бұл зона Солтүстік Қазақстан облысын түгелімен, Қостанай облысының көп жерін, Ақмола, Павлодар, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының солтүстік бөліктерін қамтиды. Республика аумағының 25,5 млн гектар жерін (9,5%-ын) алып жатыр. Қара топырақты зона үш зона аралығына бөлінеді: сілтісізденген қара топырақ - орманды дала табиғат зонасының оңтүстігінде аз ғана бөлігін алып жатыр; кәдімгі қара топырақ және оңтүстіктегі қуандаланың қара топырағы - дала зонасына тән.



# ҚАРА ҚОҢЫР ТОПЫРАҚ ЗОНАСЫ

- *Қара қоңыр топырақ зонасы* қара топырақтың оңтүстігінде орналасқан. Бұл Орталық Қазақстанның көп жерін, Каспий маңы ойпатының солтүстігін, Шығыс Қазақстан облысының жазықтарын алып жатыр. Бұл – республиканың оңтүстік дала (тым құрғақ далалы) және шөлейтті алқаптарын 90,6 млн гектар немесе республика жерінің 34%-ын алып жатқан зона. Қара қоңыр топырақ зонасы да үш зона аралығына бөлінеді: **қуаң даланың күңгірт қара қоңыр топырақты өңірі; қуаң даланың жай қара қоңыр топырақты өңірі; шөлейт жердің ашық қара қоңыр топырақты өңірі.** Топырақтың құнарлылығы оңтүстікке барған сайын кеми түседі. Күңгірт қара қоңыр топырақ пен кәдімгі қызыл қоңыр топырақтың гумусы (қара шіріндісі) 4,5-3,0%, ал шөлейт ашық қызыл топырағының гумусы азырақ, 3,0- 2,0%. Бұл топырақ зонасының солтүстігінде астық өндіру мен мал шаруашылығымен айналысады. Өйткені мұнда ылғал аз түседі.

# ҚАРА ҚОҢЫР ТОПЫРАҚТЫ ЗОНА

*Қара қоңыр топырақты* зонаның оңтүстігінде шөлді аймақ топырақтары алып жатыр. Мұнда негізінен қоңыр және сұр қоңыр топырақ жамылғысы басым келеді. Топырақтың Бұл типі 120 млн гектар жерді, республика жерінің 44%-ын алып жатыр. Қазақстанның оңтүстік бөлігін түгел камтыған. Бұл топырақтың гумусы аз (2,0-1,0%), сондықтан онда негізінен мал шаруашылығымен айналысады.



# ЖАЗЫҚ АЛҚАП ТОПЫРАҒЫ

- Ауданы 235 млн. га. Қазақстанның жазық аймақтарында солтүстіктен оңтүстікке қарай мынадай топырақ белдемдері кездеседі:
- Республиканың қиыр солтүстігін **орманды дала белдемі** алып жатыр. Негізінен бұл жерлер Батыс Сібір ойпатында орналасқандықтан жер беті жазық, ойпатты, сондықтан орманның шайылған сұр топырағы мен шайылған сілтісізденген қара топырағы тән. Бұл аймақтың топырақтары құнарлы, негізінен жаздық бидай егіледі. Қалған жерлерін орман, шабындық пен жайылымдар алып жатыр. Ауданы 400 мың га;

# БИІК ТАУЛЫ АЙМАҚТЫҢ ТОПЫРАҒЫ

Биік таулы аймақтың топырағы республиканың оңтүстік-шығысын алып жатыр. Аумағы 37 млн. га, республика жерінің 14%-ын құрайды.

Қазақстанда топырағы мен климаты жағынан ерекшеленетін 4 биіктік белдеу бар:

Тау етегіндегі **шөлді-далалы белдеу** теңіз деңгейінен 450 – 750 м (кейбір аймақтарда 300 – 1000 м) биіктікте орналасқан. Тянь-Шань тау етектерінде негізінен сұр, Батыс Тянь-Шань тау етегінде сұр-қоңыр, Солтүстік Тянь-Шань мен Алтай таулары етектерінде ашық қара-қоңыр топырақ таралған.



**Аласа таулы дала белдеуі** – әр түрлі таулы аймақта 600 – 2200 м биіктікте орналасқан алқап. Алтай мен Солтүстік Тянь-Шаньда таудың күңгірт қара-қоңыр және қара топырағы таралған.

**Орташа таулы орманды-далалы және шалғынды-орманды белдеулері** әр түрлі таулы аймақтарды 1000 – 2500 м-ге дейінгі деңгейді қамтиды. Негізінен таудың шайылған, сілтісіз қара топырақтары мен орманның сұр топырақтары және таулы-шалғынды топырақ тараған. **Биік таулы альпілік, субальпілік шалғынды және қарлы-мұзды белдеулері** Батыс Тянь-Шань мен Алтай аралығындағы биік таулы аумақтардың 1800 – 3800 м кейде одан да биік деңгейлерді алып жатыр



**ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ТОПЫРАҚТАРЫ  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ  
ТИІМДІ  
ПАЙДАЛАНУ  
ЖОЛДАРЫ**

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ТИПТЕРІ

- Қазақстан территориясы үлкен болғандықтан, оның топырақ жамылғысы күрделі және әр түрлі. Топырақ жамылғысының зоналар бойынша таралғаны айқын байқалады.



# НЕГІЗІНЕН ҮШ ТОПЫРАҚ ЗОНАЛАРЫНА БӨЛІНЕДІ:

- қара топырақты зона ( $52^{\circ}$  с.е. солтүстігінде)
- Қара-қоңыр топырақты зона ( $52^{\circ}$ - $48^{\circ}$  с.е. аралығында)
- қоңыр, сұр-қоңыр топырақты зона ( $48^{\circ}$  с.е. оңтүстігінде)



# ҚАРА ТОПЫРАҚ

- Қара топырақты зона үш зона аралығына бөлінеді:  
сілтісізденген қара топырақ - орманды дала табиғат зонасының оңтүстігінде аз ғана бөлігін алып жатыр; кәдімгі қара топырақ және оңтүстіктегі қуаң даланың қара топырағы - дала зонасына тән.



# ҚАРА ТОПЫРАҚТЫ ЗОНА

- Қазақстанның жазық бөлігі аумағының 86%-ын алып жатыр, жазық бөлігінде ең көбі: қара топырақ.
- Қара топырақты зона республиканың солтүстігінде тараған. Бұл зона Солтүстік Қазақстан облысын түгелімен, Қостанай үлкен бөлігін, Ақмола, Павлодар облыстарының солтүстік жерін қамтиды.
- Аумағы: 25,5 млн гектар жерін (9,5 %)



# ҚАРА ҚОҢЫР ТОПЫРАҚ ЗОНАСЫ

- *Қара қоңыр топырақ зонасы* қара топырақтың оңтүстігінде орналасқан. Бұл Орталық Қазақстанның көп жерін, Каспий маңы ойпатының солтүстігін, Шығыс Қазақстан облысының жазықтарын алып жатыр.
- Бұл – республиканың оңтүстік дала (тым құрғақ далалы) және шөлейтті алқаптарын алып жатқан зона. Оның жусаны мол, жайылымы жұтаң жерлер.
- Ауданы: 120 млн гектар жерін (44%)



# ҚОҢЫР ЖӘНЕ СҰР ҚОҢЫР ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫ

- Қазақстанның оңтүстік бөлігін түгел камтыған. Құнарлығы көп емес, сондықтан онда негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Бұл өңірде суармалы егіс қана тиімді.



# ЖАЗЫҚ АЛҚАПТАРДЫҢ ТОПЫРАҒЫ

- Қазақстанның жазық аймақтарында (ауданы 235 млн. га; 89%)
- солтүстіктен оңтүстікке қарай мынадай топырақ белдемдері кездеседі:
- Республиканың қиыр солтүстігін орманды дала белдемі алып жатыр.
- Батыс Сібір ойпатында орналасқандықтан жер беті жазық, ойпатты, сондықтан орман топырағы мен шайылған сілтісіздіктен тән.
- Ауданы 400 мың га;





# ДАЛАНЫҢ ҚАРА ТОПЫРАҒЫ

- Бұл аймақтың топырақтары құнарлы, негізінен жаздық бидай егіледі. Қалған жерлерін орман, шабындық пен жайылымдар алып жатыр.
- Осы белдемнен оңтүстікке қарай даланың қара топырақты белдемі (Жалпы Сырттан Ертіс өңірі жазықтығына дейін 2000 км-ге созылған) жалғасып жатыр. Бұның 15 млн. гектары жыртылған жерлер, негізінен астық дақылдары егіледі.
- Ауылдарының саны 257



# СҰР ЖӘНЕ ТАУЛЫ-ШАЛҒЫНДЫ ТОПЫРАҚ

- Ол биік таулы аймақтың топырағы республиканың оңтүстік-шығысын алып жатыр.
- Тянь-Шань тау етектерінде негізінен сұр, ал Алтай таулары етектерінде таулы-шалғынды топырақ (ашық қара-қоңыр) таралған
- Аумағы 37 млн гектар жерін (14%)



# ТОПЫРАҚ ЭРОЗИЯСЫ

- **Топырақтың құнарлылығын кемітетін табиғаттың бір апаты - топырақ эрозиясы.**



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

- Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Топырақтану институтының зерттеулері нәтижесінде республикада эрозияға бейім жер 70 млн гектардан астам немесе республика аумағының 26%-ы. Оның 52 млн гектары жел эрозиясына бейім, 17 млн-нан астамы су эрозиясына бейім.